

И. К. Абдикамалова,
қылмыстарды сотқа дейінгі тергеу кафедрасының
оқытушысы, полиция майоры;
Е. А. Хасенов,
қылмыстарды сотқа дейінгі тергеу кафедрасының
оқытушысы, полиция майоры
(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы)

ТЕРГЕУ-КРИМИНАЛИСТИКАЛЫҚ МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША БІЛІМ АЛАТЫН ТЫҢДАУШЫЛАРДЫ ОҚЫТУДЫ ЖҮЙЕЛЕУ

Қазіргі заманға сай компьютерлер мен технологиялар арнайы мамандандырылған қолданбалы бағдарламаларды өңдеуге және қолданысқа енгізуге мүмкіншілігін туындатты. Олар кәсіби тапсырмаларды шешуге және жан-жақты ойлау мүмкіншіліктерін қалыптастырады. Мұндай бағдарламалар оқытушы-бақылаушы кешеннен бастап барлық қызметтік мүмкіншіліктерді қалыптастыруын қамтиды.

Жүйелеу дегеніміз қандайда бір жүйені қалыптастырып немесе таңдап алып және соны оқу арқылы нақты жаңа білім алу.

Тергеу-криминалистикалық мамандықты есепке ала отырып бізбен қолданылатын жүйелеудің технологиясын қарастырайық.

1. *Оқытушы-бақылаушы жүйе.* Бұл берілген тақырып бойынша фото, мәтін түрінде, графика, бейнежазба түрінде ақпараттарды компьютердің бетіне тыңдаушыларға ұсынады. Тыңдаушы енгізу мәзірін басқаннан кейін немесе автоматты түрде жаңа ғана оқылған ақпараттар бойынша сұрақ пайда болады. Егерде тыңдаушы дұрыс жауап берсе келесі оқу ақпаратының беті ашылады. Ал егер тыңдаушының жауабы дұрыс болмаған жағдайда алдында көрсетілген ақпараттық кадр қайталанатын, осыдан кейін барып қайтадан сұрақ пайда болады, бірақ та бұл ақпарат бойынша сұрақ басқаша болып қойылады.

2. *Тестілік компьютерлік жүйе* оқу пәнінің жекелей тақырыптары бойынша тыңдаушылардың білімін бақылауды жүзеге асыруға мүмкіншілік тудырды.

3. *Тергеу әрекеттерін презентациялау* аудитория үшін оқытушымен оқытылып жатқан әртүрлі ақпараттарды көзбен көру мақсатында қолданылады.

4. *Электронды оқу құралы* жекелеген тақырыптар бойынша әртүрлі тергеу әрекеттерінің фото және графикалық бейнесін көрсетуге мүмкіндік тудырды.

5. *Бейнефильмдер және бейнесюжеттер* тәжірибелік сабақтардың барлық тақырыптары бойынша әртүрлі әдістерді қолдана отырып теориялық жағдайын нығайту үшін қолданылады. Мысалы, көркем фильмдердің эпизодтары қалыптасқан жағдайда тергеу әрекеттерінің реттілігін нақты мысал ретінде көрсетуге мүмкіндік тудырады. Осының арқасында тыңдаушы бұрын алған теориялық білімі негізінде бұл фильмге басқаша көзқараспен қарайды. Фильмнің фрагменттері бойынша оған жасаған түсініктемелері арқылы тыңдаушының білімін бағалауға болады. Мысалы, тергеу әрекеттері: жауап алу, тану үшін ұсыну, жауапты оқиға болған жерде тексеру мен нақтылау сияқты. Бұл сюжеттер оқытушымен немесе тыңдаушымен таңдап алынуы мүмкін.

6. *Өзінің жеке оқу бейне фильмдерін құру* тергеу әрекеттеріне дайындалу және жүргізу тактикасымен тыңдаушыларды таныстыруға бағытталған. Сонымен қатар тәжірибелік сабақтарды жүргізудің оң жақтарын бекіту және талдау жасау. Тыңдаушылардың өз күштерімен қажетті сюжеттер түсірілді, фильмдерге монтаж жасалынады.

Оқыту барысында оқытушымен қолданбалы материалдар ретінде түсірілген фильмдерді қолдану көптеген белгілері бойынша оң шешім болып табылады. Біріншіден қрастырылып жатқан жағдай бойынша тергеушінің әрекетінің дұрыс алгоритмі беріледі, екіншіден оқытылушының назары жүргізіліп жатқан қандайда бір әрекеттің негізгі бір аспектісіне ауады (мәйітті қарап-тексеру, жауап алу, беттестіру жүргізу т. с. с.). Үшіншіден бұл фильмді әртүрлі көрермендерге ұсынуға болады (сырттай оқыту факультетінің тыңдаушыларын, біліктілікті арттыру және кадрларды қайта даярлау институты).

7. Оқу жұмыс орнын қолдану «Тергеушінің кабинеті» тәжірибелік сабақтарды жүргізу барысында қолданылады. Тыңдаушы тергеушінің рөлінде бола отырып тергеу әрекеттерін жүргізумен байланысты тәжірибелік тапсырмаларды орындауға мүмкіндігі туындайды. Сонымен қатар басқа тыңдаушылар оның әрекетін көзімен көріп талдау жасай алады.

8. *Іскерлік ойын үлгісінде қылмыс оқиғасын жүйелеуді* қолдана отырып оқу жаттығу орындарында тәжірибелік сабақтарды жүргізу. Тергеу әрекеттерінің жағдайларына еліктеу жүргізу тыңдаушыларды тәжірибеге жақындату мақсаты болып табылады. Айғақты заттармен жұмыс істеу шеберлігін қалыптастырады.

9. *Тәжірибелік сабақтарды мультимедиялық қамтамасыз ету.* Бұл оқушыларды оқу үдерісіне қызығушылықтарын туындату, қылмыс болған орындарды шынайы жағдайларға жақындату.

Біздің ойымыз бойынша тергеу-криминалистикалық мамандықты есепке ала отырып, жаңа білім беру технологиясы өзінің негізінде оқытудың белсенді үлгісі ретінде ұсынылуы керек. Оларды тергеу әрекеттерін жүргізіп, оқу барысында пайда болған жағдайлар мен тәжірибелік әрекеттерге мейлінше жақындатуымыз керек. Осы кезде бітіруші тәжірибеге барған кезде қосымша көмексіз тергеу әрекеттерін сенімді түрде ұйымдастырып жүргізе алады.

Сондықтан жүйелеу әдісін қолданумен сабақтарды жүргізудің болашағы мол болып табылады және оны әрі қарай жетілдіруіміз қажет.